



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 10/10
10 қыркүйек



www.instagram.com/qorjyntubek_jarşysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

Жаңалықтар

Мемлекет басшысы ірі бизнес өкілдерімен кездесті



Президент «Ақорда» резиденциясында еліміздің бизнес-қоғамдастығы өкілдерімен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетті одан әрі дамыту жолындағы отандық кәсіпкерліктің рөлін талқылау бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты екенін атап өтті.

– Қазақстан халқына Жолдауымда экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты – бүкіл еліміздің әл-ауқатын сапалы және инклюзивті түрде жақсарту ісі өзгермейтінін ерекше атап өттім. Бұл мақсатқа еркін әрі тиімді нарықтық экономика құру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мемлекеттің экономикадағы жетекші рөлі, әсіресе мемлекеттің бизнес ісіне араласуы келмеске кетеді және солай болуға тиіс. Мемлекеттің міндеті – заңға бағынатын бизнеске ел ішінде де, халықаралық нарықта да қолдау көрсету, – деді Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, экономиканы монополиядан арылту және жаңа нарықтар ашу жұмыстары жалғасады.

– Бәсекелестік жағдайы теңестіріледі. Енді қандай да бір тұлғаға басымдықтар берілмейді. Мемлекеттік аппараттағы байланыстары мен оның тарапынан жасалатын қамқорлыққа қарамастан, Қазақстанда адал бизнеспен айналысу кез келген адамға тиімді және қауіпсіз болуға тиіс. Бұл – негізгі ұстаным. Біз шағын және орта бизнесті дамытамыз. Кәсіпкерлердің жаңа буынын өсіруге, жаңа идеялар мен ой-пікірлерді қолдауға баса мән береміз. Сонымен қатар мемлекет ірі, қалыптасқан бизнесті қолдаудан бас тартпайды. Керісінше, біз, ең алдымен, сіздерді Әділетті Қазақстан құруға белсене атсалысуға шақырамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес өкілдеріне осы мақсаттарға жету үшін бірқатар шешім қабылданып жатқанын жеткізді. Атап айтқанда, салық саясаты мен салық әкімшілігі түбегейлі қайта қаралады.

– 2024 жылы жаңа Салық кодексі

күшіне енеді. Оны әзірлеуге бизнес тікелей қатысады. Бұл – менің Үкіметке берген тапсырмам. 2024 жылдан «басынан бастап реттеу» жүйесі іске қосылады. Бұл бизнесті артық әкімшілік қысымнан босатады. Мемлекеттік сақтық алу тәсілдері мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік моделі толығымен қайта қаралып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнама жетілдіріледі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент салалық саясатын, оның ішінде агроөнеркәсіп кешенін, құрылыс саласын, көлік-логистика секторын дамытуға қатысты әдістерді қайта қарау маңызды деп санайды.

– Біздің алдымызда биліктің, қоғам мен бизнестің күшін біріктіру арқылы ғана орындауға болатын орасан зор міндет тұр. Оған қоса, 21 қаңтарда өткен кездесу барысында мен айтқан мемлекет пен бизнестің өзара іс-әрекет қағидаттары өзгермейтінін тағы да нақтылаймын. Естеріңізге сала кетейін, бұл – адал бәсекелестік, қабылданатын шешімдердің ашықтығы, мемлекеттік саясаттың болжамдылығы, бизнестің салыққа адалдығы, кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ірі бизнес өкілдерін қоғамды толғандыратын әлеуметтік мәселелерді шешуде шет қалмауға шақырды.

– Адами капиталға, атап айтқанда, заманауи балабақшалар, жайлы мектептер, ауруханалар, іргелі университеттер салуға, туризмді дамытуға инвестиция құю да маңызды. Сіздер қайырымдылық істер жасауды жалғастыра беретіңіздеріңізге сенімдіміз. Қазір елімізде мектептердің, студенттер жатақханаларының, жастарға арналған спорт ғимараттарының тапшылығы сезіледі. Сіздердің көмектеріңіз ел үшін елеулі болар еді, – деді Президент.

akorda.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылдың 12 қыркүйек күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында Приозерск қаласының әкімі С.Қ. Сатаевтың «Ашық есік» күні аясында азаматтарды қабылдау өтеді.

Анықтама үшін телефон:
5-30-06

ОБЪЯВЛЕНИЕ

12 сентября 2022 года с 15.00-до 18.00 часов в Центре детско-юношеского творчества «Достық» состоится прием граждан акима города Приозерск С.Сатаева в рамках «Дня открытых дверей»
Телефон для справок: 5-30-06

Приозерск қаласының әкімдігі

Мемлекет басшысы әкімдердің өрт сөндіру жұмыстары туралы есебін тыңдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласы, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Қарағанды облыстары әкімдерінің өңірлердегі өрт сөндіру жұмыстары туралы шұғыл баяндамаларын тыңдады.

Әкімдер өрт ошақтарын сөндіру үшін қарқынды жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы, сондай-ақ табиғи апатқа қарсы таяуда атқарылатын іс-әрекет жоспарлары туралы хабарлады. Бұл іс-шараларға Ұлттық ұлан мен Қарулы Күштердің бөлімшелері жұмылдырылды.

Сонымен қатар Мемлекет бас-

шысына өрт салдарынан болған залалды қалпына келтіру және зардап шеккендерге қажетті көмек көрсету шаралары жөнінде айтылды.

Сондай-ақ әкімдер өз аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы есеп берді.

Президент Премьер-министрге Төтенше жағдайлар министрлігінің өңірлік бөлімшелерін арнаулы техникамен және басқа да қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді тапсырды.

akorda.kz

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы Ұлыбритания елшілігіне барды



Мемлекет басшысы Ұлыбританияның Қазақстандағы елшілігіне барып, II Елизавета Патшайымның қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Президент көңіл айту кітабына жазба қалдырды.

akorda.kz

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ!**АДАЛ ЕҢБЕК – АР ТАЗАЛЫҒЫ**

Адамзат тарих сахынасына шыққан ғасырлар үрдісінде ақыл-ойдың талай-талай тамаша үлгілерін жасады. Алайда, өркениет өріне шыққан адамзаттың «тамырына балта шаба алмай» отырған бір кеселі – «сыбайлас жемқорлық» атты індет. Бүгінгі таңдағы мәліметтерге жүгінер болсақ, әлемдік жемқорлар рейтингінде зерттеу жүргізілген дерек бойынша Қазақстан алдыңғы қатардан орын алғанын көруге болады. Жемқорлық пен паракорлық мемлекет пен халық үшін ең маңызды салалардан саналатын денсаулық және білім саласында да енгенін көріп, жағамызды ұстамауға шарамыз жоқ. Елдің өз денсаулығын, балаларының болашағын сеніп тапсыратын аталған салалардың жең ұшынан жалғасып, паракорлыққа баруы – өте қорқынышты жағдай. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдаудың жетінші бөлімінде «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және оны іске асыруды жалғастыру», - деп атап көрсетілуі еліміздің әрбір азаматына жауапкершілікті жүктей отырып, бүкіл қоғамның күш-жігерін жемқорлыққа ымырасыз қарсы тұруға, оның пайда болу себептерін жоюға бағыттайды.

Денсаулығы нашар, білімі таяз ұрпақтан болашақта қандай нәтиже күтуге болады? Еліміздегі жемқорлық пен паракорлық жайлы есітіп, көріп өскен баладан ертең қандай адам өсіп-жетіледі?.. Сонымен қатар еліміздің болашағы жастарды тәрбиелеуде ұстаздарымыздың рөлі ерекше. Әрбір баланың бойынан патриоттық сезімді оята отырып, оларды адал еңбек етуге баулу, біреудің еңбегін пайдаланбауға, кісінің ала жібін аттамауға, ұрлық жасамауға, бөтеннің ақысын жемсуге тәрбиелеу – ұстаздардың ғана емес, қоғамның, яғни біздің басты мұра-мақсатымыз болуы тиіс. Сондықтан мектептен бастап аталған жаман әдетерден аулақ болуға үндейтін «Жемқорлық індет – оны жою міндет», «Адал еңбек – ар тазалығы», «Өз еңбегіңмен – өмір сүр» атты пікірталас, дөңгелек үстел, конференция сабақтары секілді ішараларды өткізіп тұрудың маңызы зор. Оқушыларға қазақтың өткен тарихы, ұлттық құндылықтары, даналық сөздері және Төле би, Қазбек би, Әйтеке би сынды даналарымыздың халықты бірлікке, әділ шешімге, әділеттілік жаршысы болуға шақырған өсиет, нақыл сөздерін насихаттау, оқып-үйрету ұстаздар қауымы-

ның һәм бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі парызы. Халқымыздың өнегелі өмір жолын, дамып, өркендеуімізге аянбай үлес қосқан адал перзенттерін үлгі етіп, еңбектерін паш ету болашақ ұрпақты әділдікке, тура жолмен жүруге тәрбиелейді.

Сонымен қатар оқушылардың материалдық байлыққа құмартпауын, сырты жылтырақ, іші қалтырақ дүниеге елітпеуін назарда ұстау керек сияқты. Олардың арасында әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу мақсатында бірыңғай мектеп формасын кию, ұялы телефондар ұстамау, қымбат киімдерге әуестенбеу бағыттарын қадағалап, бос уақыттарын қосымша білім беру мекемелеріне, пәндік үйірмелерге, кітапханаларға баруын ұйымдастыру рухани тұлғаны дамытуға, зиянды әрекеттен аулақ болуға, қоғамның дамуына өз үлесін адал қосуға тәрбиелейтіні анық. Оқушылардың мектеп жасынан бастап өз құқықтары мен міндеттерін біліп, сезініп, жадында ұстап тәрбиеленуі – болашақта өз жауапкершіліктерін сезінуге, дамытуға бастайтын жол. Осы орайда әр оқушының сыныптағы, мектептегі қоғамдық жұмыстарды адал атқаруға, уақытында орындауға бағытталған ішараларды мазмұнды, жүйелі түрде ұйымдастырылғаны жөн. Бұл бағытта оқушылар ұйымы және жас ұландар ұйымының жарғыларын, жоспарларын басшылыққа алып жұмыс алып бару маңызды рөл атқарады. Міне, мұндай жұмыстар нәтижелі ұйымдастырылса, баланың өсіп-өркендеу сатысында сыбайлас жемқорлықтан аулақ болуға, адал еңбектің дәмін татуға өз септігін тигізетіні сөзсіз.

Сөзімізді қорытындылай келе, жемқорлық – қоғамға келтіретін зияны, қауіп жағынан экстримизмнен еш кем емес жау. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға күш салу, күресу баршамыздың парызымыз. «Еңбектің наны тәтті» - дегендей, адал еңбекпен табысқа жету, адал еңбекпен елдің экономикасын дамытуға, ата-бабамыздан мұра болып қалған құнарлы жер байлығын сақтауға, дамыған елдердің қатарына кіруге, тура жолмен еңбек етіп, күш салу барлығымыздың еншіміздегі жауапты іс болмақ. Ендеше, сыбайлас жемқорлықтан аулақ болып, адал еңбек етіп, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарымызды дарытып, әлемдік бәсекелестікке шығу – қоғам дамуының алғышарты деп ойлаймыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**Хабарландыру**

Приозерск қаласының әкімі С.Қ. Сатаев 2022 жылдың 16 қыркүйегінде сағат 16.00-де «Достық» балалар-жасөспірімдер шығар-

машылығы орталығында тұрғындармен кездесіп, жеке қабылдау өткізеді. Халықтан сұрақтармен ұсыныстар жинау үшін жұмыс тобы құрылды. Анықтама үшін телефон (8-71039)5-30-06. Электрондық пошта мекенжайы: Prio_akimat@krg.gov.kz

Аким города Приозерск Сатаев С.К. 16 сентября 2022 года в 16.00 ч. в ЦДЮТ «Достық» встретится с жителями и проведет личный прием. Для сбора вопросов и предложений от населения создана рабочая группа. Телефон для справок (8-71039)5-30-06. Адрес электронной почты: Prio_akimat@krg.gov.kz

Приозерск қаласының әкімдігі**ЖОЛДАУДАҒЫ ЖАҒЫМДЫ БАСТАМАЛАР**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа Жолдауында ұтымды ұсыныстар, кесімді пікірлер мен нақты тапсырмалар молынан кездесті. Соның бәрі – жалпы халықтың көңіл төріндегі көрікті ойларымен жымдаса қабысып жатқан жайттар. Жолдаудың басты артықшылығы осы, яғни, елдің талап-тілегімен үндестігі.

Жолаудағы айтылған мәселелердің дерлік түгел барлығы халықтың көңілінен шыққаны ақиқат. Талай жылдар бойы жұрттың көңілінде қордаланып, шешуін күткен мәселелердің ең бастысы – ана мен балаға ерекше көңіл бөлінуі. Алдағы жылдардан бастап дүниеге сәби әкелген аналардың демалысы 1.5 жылға артып, жәрдемақы төленіп отырылады. Ал, әр балаға он сегіз жасқа толғанша арнайы шотына қаржы аударылып отырылуы олардың болашығына болған кепіл болып саналады.

Жас буынның қызмет пен жұмысқа орналасуына, студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуге жағдай жасалуы бұрын-соңды болмаған аса маңызды қамқорлық және қажетті шара деп есептейміз. Олардың қатарына пандемия кезінде зардап шеккен шағын және орта бизнеске субсидия берілетінін, ішкі жалпы өнімде оның үлес салмағын 35 пайызға дейін жеткізу талабын, «ҚазАгро» мен «Бәйтерек» ұйымдарын біріктіру шарттылығын, соған сәйкес, қызметкерлер саны 50 пайызға қысқартыны, азаматтардың тұрғын үй, білім алу және емделу мақсатына зейнетақы қорына жинақталған қаржысының белгілі бір

бөлігін пайдалану мүмкіндігін иеленуін, тағы да басқа көптеген тартымды жаңалықтарды жатқызуға болады.

Мемлекет басшысының «жер шетелдіктерге сатылмайды, алайда, ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға түсіру шаралары іске асады» деген сөзі көңілдегі күмәнді кері серпіп, сенімді нығайта түсті. Ел ертеңін ойлауға қатысты пайымның парасаттылығы осылай бой көрсетке керекті.

Мұғалімдер мен дәрігерлердің еңбекақы көлемінің өсуі, көшелерді әр жыл сайын қайталап жөндей беретін келенсіздікке тосқауыл қойылуы, мәслихат отырыстарының онлайн-режимге көшірілуі және өзге де жаңалықтар – қуана құптарлық шешімдер.

Алдағы бір жылдық кезеңге арналған толымды істер мен нақты әрекеттердің бағдары іспетті құжаттың құндылығы оның сараптамалық-талдамалық мазмұнының аса қанық сипатымен айшықталады. Шынында да, Мемлекет басшысының әр сөзінің астарында зерделі көзқарас пен биік парасаттың көрінісі мен мұндалап тұр. Барлық бағыттарды қамтитын әр тапсырманың тамырында іргелі негіздеме мен қапысыз қисын жатыр.

Қысқасы, жаңа Қазақстанның дамуына бағытталған Жолдауды жағымды бастамалар жиынтығы ретінде қабылдауға толық негіз бар. Оның жүйелі жүзеге асырылуы – елдің ертеңгі күні кемелдеме түсуінің кепілі.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

«Бюрократиядан арылу ауқымды өзгерістердің жүйелі жалғасы»

2022 жылғы 14 сәуірде Мемлекет басшысы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралары туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Президентіміздің бұл ісі бюрократия және сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресуге бағытталған зор саяси ерік-жігерінің көрінісі деп білемін.

(Себебі) Мемлекеттік қызметтің ең үлкен кемшілігі бюрократия, қағазбастылық, жауапкершіліктен жалтару, жайбасарлық бұл факторлар мемлекет қолға алған бастамалардың жүзеге асуына түсауболатыны жасырын емес.

Осы орайда жоғарыда аталған Жарлық қызмет қолданушылар үшін сервис сапасын жақсартуға алып келеді. Іс-шараны тиімді жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік қызметшілер мен азаматтар арасында жыл сайын бюрократия мәселесіне қатысты онлайн сауалнама жүргізілу көзделіп отырғаны да қуантарлық. Бұл – сөз жоқ, бюрократиялық тетіктердің жасырын түрлерін анықтауға мүмкіндік беретін тиімді шара.

Бұл барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмылдырылған талпынысын талап ететін Президенттің тікелей бақылауындағы жұмыс.

Бұл қадам Жанашыл Қазақстанның бір бөлігі іспеттес. Біз Бюрократиядан мейлінше арылғанда ғана мемлекеттік органдардың азаматтар алдындағы маңызы артады. Қазіргі таңда мемлекеттік органдарда бюрократиядан арылу мәселесі бойынша жү-

мыстар қарқынды атқарылып жатыр.

Атап айтқанда, Агенттіктің Қарағанды облысы бойынша Департаментімен «өтініштерді қарау» бағыты бойынша мониторинг және жыл соңына дейін білім, денсаулық, халықты әлеуметтік қоғау салалары бойынша талдау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы ала келгенде мақсатты атқарылатын жұмыс легі көп. Өзгерістер ауқымды. Қазір – тез қимылдап, жедел әрекет ететін уақыт. Сондықтан, қалыпты жұмыстарды қалыс қалдырмай, жаңашылдықты да мейлінше тез қолданысқа енгізу – бүгінгі күннің басты талабы. Жаңашыл қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануы тиіс. Бұл – мемлекетіміздің алға қарай қарыштап қадам басуына және азаматтарымыздың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына әкелетіні белгілі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы Ербол Қабдығалиұлы Жолданғар

«ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттер мен тапсырмалардың өзектілігін талқылау бойынша қала активі өтті.



Шараға қала әкімінің орынбасарлары, қалалық мәслихат депутаттары, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, БАҚ өкілдері, қала жастары, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.



Қала әкімі Сапар Сатаев биылғы Жолдаудың бірінші кезекте халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталғанын және болашаққа бағытталған бағдарламалық құжат болып табылатынын атап өтті.

С. Сатаев кеңес қорытындысы бойынша орынбасарларға, жергілікті атқарушы органдардың басшыларына Президент Жолдауында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру бойынша тапсырмалар берді.

Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі

Дамудың басты тірегі

Мемлекетіміздің тұрақты дамуын қамтитын, барлық салаға тың серпін беретін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған.

Жолдауда Мемлекет басшысы жаңа экономикалық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция, мемлекеттік басқару ісін қайта жанғырту, заң мен тәртіпке қатысты бірқатар мәселелерді ашып жеткізіп, бұл салалардағы мақсат-міндеттерді іске асыруда бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Президент: «Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу. Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ» дегенді қадап айтты.

Олай болса, біздің мақсатымыз айқын. Президент Жолдауының

түпкі нәтижесі әрбір қазақстандықтың әлеуетін арттыруға бағытталған. Себебі, мемлекетіміздің басты байлығы – Қазақстан халқы.



Біз, әскери адамдар Мемлекет басшысымен бірге әділетті мемлекет, біртұтас ұлт, берекелі қоғамды қалыптастыруда аянбай еңбек ететін боламыз!

Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Жасұлан Абеков

Суреттің авторы: Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы лейтенант Думан Жұмашұлы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы туралы



Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń Joldaýy
Послание Президента Республики Казахстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйекте сағат 11:00-де Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына кезекті Жолдауын жариялады.

Жолдауда Президент әлеуметтік әлсіз топтарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетілетінін, омбудсмен тағайындалатынын, шағын және орта бизнесті қолдау, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, оны тұрақтандыру, шағын және орта бизнесті қолдау, заң үстемдігін орнату мемлекеттің басым бағыттарының бірі, - екендігін айтты.

Тарифтерді орнатуға мемлекет реттеу жүргізу керекін, Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылатынын айтты.

Болашақта автокөліктерді өкелудің барлық заңсыз арналарына тосқауыл қою үшін шешуші шаралар қабылдауға қажеттігін, сондықтан шекараға интеграцияланған кедендік бақылау тәсілін енгізу, кедендік рәсімдеу орталықтары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс екені жайлы сөз қозғайды.

Тоқаев Үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру салаларының инвестициялық тартымдылығын, еліміздің транзиттік қуатын арттыру, ұстаздардың жалақысын көтеріп, тәрбиеленушілерді аттестациялау, сондай-ақ апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесі толық шешілетінін айтты.

Өз сөзінде мемлекет басшысы зейнетақы жүйесін айтарлықтай қайта іске қосу қажеттігі, әрі ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерлемесін ең төменгі күнқоріс деңгейінің 70%-ға, ал ең жоғарысын 120%-ға дейін дәйекті түрде жеткізіп, бұрын қабылданған шешімдермен бірге бұл 2025 жылға қарай жалпы зейнетақыны орта есеппен 27%-ға арттыруға мүмкіндік беретіндігіне тоқталды.

Оның айтуынша, кең әлеуметтік сұранысты ескере отырып, әйелдердің зейнетке шығу жасы 2028 жылға дейін 61 жас болып бекітіледі. Президент Әділетті Қазақстанды құру-

да мектеп мұғалімдерінің шешуші рөл атқаратынына терең сенімді екенін жеткізді, осы орайда, педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредиттеудің жаңа стандартын қабылдап, мұғалімдердің құзыреттілік шеңберін өзгертіп, жаһандық ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып, орта мектепте жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды күшейтудің маңызын атады.

Мемлекет басшысы жастарға жан-жақты қолдау көрсету мемлекетіміздің басты міндетінің бірі екенін айтты.

Тоқаев қандастарға қатысты саясат өзгеретінін айтты. Балалар жылы аясында жаңа «Балаларға арналған ұлттық қор» бағдарламасын іске қосуды аса маңызды деп, Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызын балалар 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын алу құқығынсыз арнайы жинақ шоттарына бөледі және жобаны 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосуды тапсырды.

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған конституциялық өзгерістер Әділетті Қазақстанның символына айналуы үшін, қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдайтынын айтты.

Еліміз азаматтарының денсаулығы мен салауаттылығын жақсарту үшін нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресудің кешенді жоспарын әзірлеу қажет, - деді ол.

Ол биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді және Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеп, бірақ қайта сайлануға тыйым салынатынын айтты, сонымен бірге Мәжіліс пен мәслихаттың депутаттарын сайлауды келесі жылдың бірінші жартысында өткізуді ұсынды.

Мемлекетіміздің болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз. Президент жолдауында айтылған мәселелер халықтың қолдауына ие болып отыр, ендігі кезекте ондағы айтылған міндеттерді бірлесіп атқару - басты мақсатымыз болмақ.

Приозерск қ. Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы

Айтбөбетов О.О.

Послание Президента страны – К.К.Токаева в этом году носит уникальный характер, поскольку содержит конкретную программу

мер системной модернизации Казахстана в условиях построения Нового Казахстана.

Тоқаев объявил внеочередные выборы президента осенью текущего года. Президент готов в них участвовать.

Президентский мандат Тоқаев предложил сократить одним сроком и до 7 лет. Повторное избрание сделать недопустимым.

«Я готов сократить срок своих полномочий и идти на внеочередные президентские выборы», - сказал глава государства.

Еще одной хорошей новостью стало то что, дети будут получать 50% инвестиционных доходов от Нацфонда. Ежегодно будет отчисляться 50% инвестиционного дохода Национального фонда на специальные накопительные счета детей до достижения ими 18 лет, без права досрочного снятия.

По достижении совершеннолетия накопленные суммы будут направлены на приобретение жилья и получение образования. Эти средства дадут подрастающему поколению настоящую путевку во взрослую жизнь.

Таким образом, нынешнее Послание Президента К.К.Токаева является важным стимулом дальнейшего развития и благополучия страны.

Лидер общественного мнения
Ахметова Р.Е.

ҚР Президенті 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар әзірлеу қажеттігін айтты. «Осы аса қауіпті әлеуметтік аурудың ауқымын ескере отырып, синтетикалық есірткілерді өндіру мен таратуға қарсы күрес жалпұлттық сипатқа ие болуға тиіс», деді Мемлекет Басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында осы мәселе туралы: «Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатар – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында, әсіресе жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын», деген еді. Байқап отырсаңыз, есірткіге тосқауыл қою мәселесі ешқашан Президентіміздің назарынан тыс қалған емес.

Есірткі сатып, жастарымызды уландыру – қылмыс. Ал оның артында халықтың қасіретіне апарып соғар қатер

тұрса мүлде қол қусырып қарап отыруға болмайды. Иә, есірткіге тосқауыл қою мәселесі күн тәртібінен де түспей керек. Өйткені есірткінің артында ел тұр.

Қоғамдық пікір көшбасшысы
Дулатова Ж.Т.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

«Қоғамда қазақ және орыс тілін мектепте оқыту мәселесі бойынша пікірталас болып жатыр. Нақты айтайын: біз қазақ тілін де, орыс тілін де жақсы білетін балаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі бұл ұрпақтың мүддесі үшін керек. Оқу-ағарту министрлігі популистердің жетегінде кетпей, балалардың мүддесін қорғауға тиіс. Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде»-деді Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев.

Иә, қазақ тілін дамытамыз деп орыс тілінің мәртебесін шектеуіміз керек. Тіл мәселесінің астарында үлкен саясат бар. Сондықтан бұл тұрғыда асығыстық пен жалаң ұрандату мемлекеттімізге кесірін тигізуі мүмкін. Осы ретте бізге Малайзияның тәжірибесі үлгі бола алады. Бұл ел алғашқыда ағылшын тілінен бас тартып, кейіннен ойлана келе, оны жоғары оқу орындарында және дипломатиялық қарым-қатынастың құралы ретінде қалдырды. Біздің өскелең ұрпақ қазақ тілінен қатар, орыс тілін де еркін меңгеруі керек.

Бұл – уақыт талабы. Болашақ жастарымыз өз тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған өзге тілдерде еркін сөйлеп, әлемнің кез келген жерінен еркін байланысқа түсіп жатса, ел ертеңін көркейте түсері сөзсіз. Қазір демографиялық ахуалдың өзі қазақ тілінің ұпайын түгендеу бағытына қарай дамып келеді. Яғни, біз алға қойған мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мұндай астары қалың, ел тағдырын шешетін іргелі істе асығыстыққа жол бермеу керек. Қайта әрбір әрекетімізді ақылға салып, мойнымыздағы тарихи жауапкершілікті барынша сезіне отырып жұмыс істегеніміз дұрыс. Осындай өркениетті қадамдардың нәтижесінде ғана қазақ тілі ғылым тіліне айналатынына сенімім мол.

Қоғамдық пікір көшбасшысы
Абулова Ж.Ж.



Ұлы Абай: «Халық даналығы – қағазға басылып кітап болып шыққан шарияттан да, анау патша заңынан да асып түспесе кем түспейтін қазақтың қанатты сөздері, мақал-мәтелдері. Халық сол астарлы, ақылды, ұшқыр асыл сөздерімен билік айтып, соны заң деңгейіне жеткізген. Талқыға түскен істерге айтылған билік тапжылмайтын үкім деп есептелген... Ал, қазақ халқының осындай белгілі сөздері, айтқан ойлары, амал не, хатқа түспей, көпшілігі ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып келді...», – дейді. Өте орынды айтылған ой. Бұл жайт бүгінгі күнге дейін еш құнын жоймағаны сөзсіз.

Халық даналығы дегенде ең алдымен біз мақал-мәтелдер мен айшықты сөздерді, бата-тілектерді, сондай-ақ, халықтың бай рухани құндылықтарындағы ұлттың ұлағатты сөздерін-ырым сөздерін, тыйым сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, афоризмдерді еске аламыз. Мұның бәрін бір сөзбен «атаалар сөзі», «халық даналығы» деп жинақтап айтқан жөн секілді. Расында да, егер даналық сөздерді жеке-дара мән бере талдап көрсек, олардың жайдан-жай айтылмағанына куә болып, ондай рухани-мәдени мұралардың әрбірінің тамыры тым тереңде жатқанын көреміз. Олар ел өмірінің әр кезеңдерінде пайда болып, әрқайсысының өзіне тән қалыптасқан тарихы бар екенін де сеземіз. Тіпті, кейбірінің тарихи тамырын болжап айту да қиын. Әйтсеуір, атам заманнан бері халықпен бірге жасасып, қатар өмір сүріп келе жатқандай әсер етеді. Қалай дегенде де, қазақ халқы ғасырлар бойы әрбір жаңа буынды осынау байтақ мұра – нақыл сөздермен оқытып, солар арқылы жастарға тәрбие өнегесін беріп келгені даусыз. Бүгінгі күнде де, мақал мен мәтелдерді мектеп қабырғасында үйретудің тәлім-тәрбиелік маңызы орасан зор. Себебі, олар көңілдегі күрделі ойлардың мәнін дәл, қысқа да нұсқа жеткізудің, жинақты ойды көркемдеп танытудың таптырмас құралы.

Білім беретін орта мектептердегі ана тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ұстаздардың негізгі мақсаты білім нәрі мен тәрбие тағылымын ұштастыра жүргізу дейтін болсақ, онда бұл мәселеде мақал мен мәтел сынды даналық ойлардың жалпы мектеп тұрмысындағы оқу-тәрбие жұмысына тигізер пайдасы мол дер едік. Мұнда елдік нақылдар әуелі сабақ тақырыбы мен ондағы білім мазмұны жайлы жинақты ой түйіндеп, кешенді тәрбие беретін болса, одан кейін шәкірттердің ой-өрісін дамытуға, өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен

бірге, оқушылардың тілдерін ұстартып, ойын жүйелуіне, өз беттерінше ізденуіне, өмірді тани білуіне үйретеді. Ресми деректер бойынша тілімізде 15 мыңнан астам мақал-мәтелдер бар. Мектепте кейде сабақ үстінде шәкірттердің өзін қатыстыру да жақсы нәтиже бермек. Әдетте, сыныпта немесе пән кабинетінде сабақтың қатысты тақырып-тақырыптар бойынша жазылып ілінетін даналық үлгілері, мақал-мәтелдер жазылған тақырыптық альбом, жаңа сабаққа арналған етәнд көрнекілік ретінде алдын-ала әзірленіп, оқушылардың әдебиет пәнінің жазып жүрген жеке дәптерлері қамтамасыз етіледі. Бұл құралдар сабақтың мазмұнын ашып, шәкірттердің жаңа тақырыпты жеңіл түсінуіне, саналы түрде меңгеруіне көмек етеді. Тақырып дегеннен шығады, халқымыздың бай рухани мұрасындағы даналық ақыл-нақыл сөздердің тақырыптары да, мазмұндары да әр алуан болып келеді. Айталық, жас жеткіншек балаларға, тамақ-асқа, мал-жанға, үй хайуандары мен адам тіршілігіне, киім-кешек, журу-түруге, ыдыс-аяқ, уақыт-мезгіл, жақсылық пен жамандыққа, аман-саулыққа байланысты мақал-мәтелдер күнделікті тұрмыста өте жиі кездеседі. Өйткені, аталған тақырыптар өздеріне тиісті мәселелерге сәйкес халықтық тәрбиеде өзара қарым-қатынас әдебин қалыптастыруға, дұрыс пайымдаулар жасауға бағыттайды. Мақал-мәтелдердің әрқайсысының жас ұрпаққа тәрбие берудегі мән-маңызын зерделесек, нәтижесінде, бұл даналық сөздер адамның өмір сүруіне қажетті жақсы нәрселерден үлгі алуға, жаман нәрселерден аулақ болуға үндейтініне көз жеткіземіз. Мәселен, жас балаларға байланысты айтылған «бос бесікті тербетпе», «бесікті аяқпен тербетпе», «нәресте балаға көп қарамайды», «баланың бесігін жабуысыз қалдырмайды», «ұйықтап жатқан баланы аударып жатқызбайды», «жас нәрестені қос алақанға салып көтермейді», «тілі шыға бастаған баланың киімін жұлдызды түнге қалдырмайды», «нәресте баланы қолменен салмақтап өлшемейді» сынды тыйым сөздердің тәрбиелік мәні терең. Мұндай тыйым сөздердің халықтың даналығы ретінде айтылу себебі, ұлттың мистикалық ой қорытуларына байланысты болғаны белгілі. Өйткені, халықтың наным-сенімде бала бөленіп, тербетілсе, бала бесіктен шыққанша (тәй-тәй басып, тұсауы кесіліп, бесікке бөленуден қалғанша) бос тербетілсе, жамандық қатары көрінген, ол жаман ырымға саналған. Былайша айтқанда, аман-сау бала бесіктен жайдан-жай шығарыла салмайды; ырым-

мен бөленіп, ырыммен шығарылады, сондықтан ол құр бос тербетілмеуі керек. Бала аман-есен болса, бесік те ата-ананың көзіне сүйкімді көрініп, үйдегі ең қасиетті де қастерлі бұйым ретінде төрден орын алады.

Ал, егер, нәресте бала ауырып, т.б. себептермен бесік бос қалып қалса, оны көрген нәрестенің анасының қос емшегі сыздап, қайғысы артқан. Бесік тербетілмей, үстіне жабуы жабылмай, көңілден тыс қалған. Сондықтан нәресте жатқан «тал бесікті аяқпен теппе, аяқпен тербетпе, бесіктің үстіне асылып жатпа» деген секілді тыйым сөздерді ата-бабаларымыз ежелден өсиет-насихат еткен. Оған қоса, қазіргі медицинадағы адамның қорғаныс қабілеттерін, оны сыртқы дерттерден қорғайтын биоэнергия, биоөріс ілімі туралы халықтың ертеден мәліметі болғанын, ел ішінде оған «кірнелеу» сияқты емдік ырымдарды жасағанын баяғыдан білеміз. Ауырып қалған баланы түзбеп, аршамен кірнелеп, баланың бүкіл денесін сылап, «шық, кірне, шық, сәні нәресте балам көтере алмайды, шық, кірне, шық, түнде жортқан түлкіге бар, абалап үрген итке бар, көкте ұшқан құсқа бар, шық, кірне, шық» деген сияқты ырым сөздер айтқан. Сөйтіп, бөлмеге арша немесе адыраспан түтінімен иіс шығарып аластаған. Сол арқылы микробтарды өлтіріп, жас баланың денесін қой майымен бірнеше рет сылап, бұзылған биоэнергияны қалпына келтірген. Сонда ғана ауырған жас нәресте бас көтеріп, сырқатынан тез айығып кеткен. Мұның нәресте балаға үлкен (биоэнергиясы күшті) адамның көңіл қойып, назар салып қарағандығынан болатын жағдай екенін халықтық медицина жақсы түсіндіреді. Өйткені, биоэнергиясы әлсіз жас нәрестені үлкен адамның «назарынан» шыққан бұзылған биоток әлсіретіп тастаған. Оны ел ішінде «назарланды», «көз тиді», «назарланып ауырып қалды» деп жатады. Сондықтан, халық «жасы үлкен адам жас балаға көп назар салып қарамайды, көзі тиеді» деп оны қорғаштаған, бала денсаулығын ойлап алдын ала қам жеген.

Тамақ-асқа байланысты айтылған ырым немесе тыйым сөздердің мән-мағынасы да жоғарыдағы сөздерден кем емес. Халқымыз нанға, дастарханға ерекше мән беріп, жоғары бағалаған. Ел ішінде бір ұрттама су да, бір сындырым нан да адамның негізгі ырыздығы ретінде есептелген. Үйге келген адамға «құтты үйден құр шықпайды» делініп, нан ауыз тигізген. Үй жанынан өтіп бара жатқан жолаушы адамды да «Қырықтың бірі – қыдыр» немесе «Ырысты үйдің жанынан құр ауыз өтпейді» деп ырымдап дөм татқызыған. Үйіне жақын көрші болып көшіп келгендерге «ерулік» беріп, сый көрсеткен. Ал, алдына келген асты күттіріп, басқа шаруамен айналысқандарды ел жақтырмаған. «Алдына келген ырысқыны күттірмейді» деп қатаң ескерткен. Сонымен қатар, қонаққа шақырған адамы уақытында келмей қалса, оған арнап алып қалған тамақты сол кісінің өзіне беруге өрекет жасаған, сол үшін «біреуге қойған нәсібе-ырысқыны басқаға бермейді» деп үйреткен. Дастарханды теріс қаратып салуды да дұрыс көрмеген. Онда дастархан үстіндегі ырыздық аударылып қалады деп есептелінген. Дастарханды аяқпен басу әдепсіздік, білмегендік болып танылған. Нан халқымызда ерекше бағаланып тамақ-ас ретінде бар ырыстың бастауы деп есептеледі. Бұл күн сайын жас жеткіншек-

терге халықтық ереже түрінде айтылып, «нанды теппейді, нанды аттап өтпейді, нанды бір қолмен жұлып жемейді, тамақ жеудің алдында наннан ауыз тиеді, нанды теріс аударып тастамайды, кір-лас қолмен нанды ұстамайды» деп ескертіледі. «Нанның ұсағын аяқ астына тастама, нанды тең бөліп сындырса, ырысқы үйге тең болады, нанды лақтырмайды» деп ұлағат айтқан.

Төрт түлік малдың ішінде жылқыны қазақ халқы айрықша бағалаған. Оны «Ат – ердің қанаты», «Ат сыйлаған жаяу қалмас», «Жылқы – мінсең көлік, жесең тамақ, ішсең сусын» деген секілді бірқатар айшықты мақал-мәтелдермен әспеттеген. Жақсы ат жігіттің жан серігі болған, онымен қалаған жеріне жеткен, қашса құтылған, қуса жеткен. Ол иесін жолда қалдырмаған. Сондықтан қазақ халқының жылқыға деген сүйіспеншілігі өзгеше болып, ол туралы көптеген өнегелі нақыл сөздер, ұлағатты әңгімелер қалдырған. Айталық, «Мінген атыңды басқа ұрма, жолыңнан адасасын», деп халық жылқыны күте білуге, мәпелеп міне білуге үндеген. Бұл сөздің төркінінде атты күте білу мәдениеті мен ырым-салттар жатқандығын аңғаруға болады. Үй тіршілігіне, отбасы тұрмысына байланысты да айтылған ырым сөздер өте көп кездеседі. Бұл сөздер жастарды күнделікті өмір сүру мәдениетіне шақырған халықтық қағидаттар секілді екені сөзсіз. Өйткені, олар ұл балалардың да, қыз балалардың да жастықтан күнделікті жадында болатын, міндетті түрде орындайтын халықтық педагогикалық құндылықтар қатары қабылданған. Мұнда халықтық тыйым сөздер де, оны орындауға үндеген тәртіптік қысындар да, үгіт-насихат түріндегі өнегелі сөздер де молынан табылады.

Халқымыз ырысты ынтымақ пен достық-бауырластықты, кез келген адамға ақ ниетпен қарым-қатынас жасауды, ізгілікті әрқашан жоғары қойған. Қонақжайлық, үйіне келген адамды таныс-таныс емес болсын ашық, ақжарқын қабақпен қарсы алған. Толеранттылықпен мәміле жасап, кез келген қиын шиеленістің алдын алған, ондай қиын жағдайда «Сабыр түбі – сары алтын» деп оны ынтымақпен реттеуді, бейбіт келісіммен шешуді мұраға қалдырған. Бұл секілді қарым-қатынастың ереже-тәртіптері де ұлттық педагогикалық салт-дәстүрге айналған, қағаз жүзінде жазылмаса да халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде елдің даналық ойлары түрінде қатаң сақталған. Мәселен: «Сыпырғышпен адамға тап бермейді»; «Балта, пышақ және мылтықтың серті бар, олармен бөтен адамға қаратып, ойнап оқталмайды»; «Үйге қонақ кіріп келе жатқанда үй сыпырмайды» деген секілді өсиет сөздер өмір тәжірибесінен туындаған тарихи мәні бар шешімдер. Бұл айтылған мәселелерден шығатын қорытынды – біз халықтық даналықтарымызды үйде де, бала-бақшалар мен мектептерде де, қайда жүрсек те үнемі жастарға айта отырып, олардың мәнісін түсіндіріп отыратын болсақ, осынау бай рухани құндылықтарымыздың өмірін ұзартып кейінгі ұрпаққа бұдан әрі қарай да мұра етіп қалдыра аламыз едік. Сонда ғана жасы үлкендердің жастар алдындағы үлкендік парызы орындалар еді, әрі ұлттық тәрбие тағылымы қалыптасар еді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жәніс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арқо" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №10/10, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.